

Құғын-сүргін кезеңінде бұрынғы Кеңес Одағының түрлі аймақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына күштеп көшірілген Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттары мен азаматтық хал актілеріндегі ұлты туралы жазбаны өзгерту тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 қаңтар 1993 ж. N 31. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 14 ақпандағы N 140 қаулысымен.

Құғын-сүргін кезеңінде бұрынғы Кеңес Одағының түрлі аймақтарынан күштеп көшірілген халықтар жөнінде тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Құғын-сүргін кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағына күштеп көшірілген азаматтардың төлқұжаттары мен азаматтық хал актілеріндегі ұлты туралы жазбаны ерекшелік ретінде, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Паспорттар мен азаматтық хал актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты туралы жазбаны өзгерту ережелерін бекіту туралы" 1992 жылғы 17 тамыздағы N 684 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 33, 499-бап) бекітілген Паспорттар мен азаматтық хал актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты туралы жазбаны өзгерту ережелеріне сәйкес арнайы көшірілгендерге ішкі істер органдары берген анықтамалар негізінде өзгертуге рұқсат етілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі